



«Виктория» СК» АҚ Ерікті титулдық сактандыру
ережесі

24.04.2024 жылғы редакция
26.10.2022 жылғы редакция

19 беттен 1-бет

БЕКІТІЛДІ
«Виктория» СК» АҚ
Директорлар кенесі
2024 жылдың «24» сәуірдағы
№ 13 Хаттама

**«ВИКТОРИЯ» СК» АҚ
ТИТУЛДЫҚ ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ
ЕРЕЖЕСІ**

Алматы қ, 2024 жыл

МАЗМҰНЫ

1.	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2.	САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТИСІ	4
3.	САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ	4
4.	САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНА ЖАТПАЙТАН ШАРТТАР МЕН ШЕКТЕУЛЕР	5
5.	САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ. ФРАНШИЗА	8
6.	САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ	8
7.	САҚТАНДЫРУ КЕЛІСІМШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ	8
8.	САҚТАНДЫРУ КЕЛІСІМШАРТЫНЫң ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ. МЕРЗІМІН ҰЗАРТУ ..	9
9.	ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	10
10.	САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУ ҮШІН ҚАЖЕТ ҚҰЖАТТАР	13
11.	САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ	14
12.	СУБРОГАЦИЯ	15
13.	САҚТАНДЫРУ КЕЛІСІМШАРТЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕҢГІЗУ	15
14.	САҚТАНДЫРУ КЕЛІСІМШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ	16
15.	ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ	18
16.	ДАУЛАРДЫ ШЕШІ ТӘРТІБІ	18
17.	ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	18

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Бұл Ерікті титулдық сақтандыру ережесі (бұдан әрі – Ереже) 2000 жылғы 18-желтоқсандағы №126-II «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Виктория» Сақтандыру компаниясы» АҚ-ның (бұдан әрі - Компания) ішкі нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес өзірленді және сақтандыру шарттарын, Ерікті титулдық сақтандыру келісімшартын (бұдан әрі – Келісімшарт) жасау тәртібін, сүйемелдеуді және орындауды реттейді.

1.2. Сақтандыру келісімшарты меншік құқығында жылжымалы және жылжымайтын мүлкі бар әрекет етуге бейім (азаматтығына қарамастан) және/немесе заңды тұлғамен (меншік құқығына қарамастан) жасалады.

1.3. Осы Ережеде пайдаланылатын негізгі түсініктер:

- 1) Сақтандыруши – «Виктория» Сақтандыру компаниясы» АҚ.
- 2) Сақтанушы - сақтандырушымен Сақтандыру келісімшартын жасаған тұлға.
- 3) Сақтандырылуши - мүлікке меншік құқығы бар тұлға. Егер Сақтандыру келісімшартында басқалай қарастырылмаған болса, Сақтанушы бір мезгілде Сақтандырылуши да болып табылады.
- 4) Пайда алушы - Сақтандыру келісімшартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға. Егер сол мүлікке қатысты Сақтандыру келісімшарты жасалып жатқан мүлік кепілде болса, онда кредиттік үйымы / Банк Пайда алушы ретінде әрекет етуі мүмкін.
- 5) Кредиттік үйым - сақтанушымен кредиттік келісімшарт жасаған және оған кепілдік қамтамаға беріліп жатқан мүлікке қатысты құқығы бар үйым/банк.
- 6) Сақтандыру сомасы - сақтандыруши сол соманың көлемінде сақтандыру төлемін төлеуге міндettі ақша сомасы. Сақтандыру сомасы сақтандыру қорғанысының мерзімі ішінде сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемі болып табылады.
- 7) Сақтандыру құны - нарықтық құнына қарай немесе кепіл құнына қарай, не болмаса Сақтандыру келісімшартының шарттарына сәйкес басқа құнға қарай белгіленетін мүліктің құны.
- 8) Мүлік - Осы Сақтандыру ережесімен сақтандырылуы қарастырылмаған мүлікті қоспағанда, меншік құқығын жоғалтудың нәтижесінде сол мүлікке қатысты жоғалту тәуекелін сақтандыру жүзеге асырылып жатқан жылжымалы немесе жылжымайтын мүлік. Сүліктің атауы, тізімі, сипаттамасы және сәйкестендіру деректері Сақтандыру келісімшартында көрсетіледі.
- 9) Сақтандыру жағдайы - басталуында ықтималдық және кездейсоқтық белгілері бар, Сақтандыру келісімшартында қарастырылған, сол оқиғаның басталуынан сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеу міндettі туындастын оқиға.
- 10) Сақтандыру полисі – Сақтанушыны Сақтандыруши біржақты тәртіpte өзірлеген және Сақтандыруши Сақтанушыға беретін үлгілік шарттарға (сақтандыру ережелеріне) қосу құжаты (қосу келісімшарты).
- 11) Контрагент – Сақтанушымен азаматтық-құқықтық мәміле жасау арқылы жылжымайтын мүлікті Сақтанушының меншігіне беруді жүзеге асыратын тұлға.

1.4. Сақтанушы Сақтандыру келісімшартын жасау кезінде Сақтандыру келісімшарты бойынша сақтандыру төлемдерін алу үшін кез келген тұлғаны (пайда алушы) тағайындауға, сондай-ақ Сақтандыру келісімшартының шарттары бойынша пайда алушының жазбаша келісімінсіз пайда алушыны ауыстыруға тыйым салынған жағдайларды қоспағанда, сақтандыру жағдайы басталғанға дейін, ол жөнінде сақтандырушыға жазбаша хабарлап, өзінің қалауы бойынша оны ауыстыруға құқылы.

1.5. Пайда алушы сақтандышымен жасаған келісімнен туындастын Сақтандыру келісімшарты бойынша белгілі бір міндettерін орындағаннан кейін немесе сақтандырушыға сақтандыру төлемін төлеу туралы талап қойғаннан кейін пайда алушыны басқа тұлғамен ауыстыруға болмайды.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ

- 2.1. Меншіктен талап етуге, сондай-ақ сот сатып алу-сату, сыйға беру, мұрагерлікке қалдыру, жекешелендіру мәмілелерін жарамсыз деп тануға байланысты мүлікке меншік құқығын жоғалтудың нәтижесінде жылжымалы және жылжымайтын мүлікті жоғалту тәуекеліне қатысты сақтанушының мүліктік мүддесі – осы Ереже бойынша сақтандыру объектісі болып табылады.
- 2.2. Осы Ереже бойынша сақтандыру төмендегілерге қолданылмайды:
- 1) ақша (оның ішінде шетел валютасы) және бағалы қағаздар;
 - 2) қолжазбалар, жоспарлар, сызбалар, жобалар, үлгілер, модельдер және басқа құжаттар, компьютерлік жүйелердің техникалық ақпарат тасымалдаушылары, слайдтар, фотосуреттер, аудио- және бейнежазбалар;
 - 3) бағалы металдар мен тастар;
 - 4) өнер туындылары, картиналар, пошта маркалары, антиквар заттар және т.с.с., солардың топтамалары;
 - 5) діни мәдениет бұйымдары;
 - 6) үй жануарлары, құстар, үйде өсетін гүлдер, терісі бағалы андар, басқа да жануарлар;
 - 7) көлік құралдарының қосалқы бөлшектері және керек-жараптары;
 - 8) компьютерлік деректер қоры.
- 2.3. Сақтанушының, Сақтандырылушының құқыққа қайшы мүдделері сақтандырылмайды.

3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ

- 3.1. Осы Ережеге сәйкес, төменде көрсетілген себептер бойынша Қазақстан Республикасының соты шығарған және заңды күшіне енген сот актісінің негізінде сақтанушының/сақтандырылушының сол мүлікке меншік құқығының тоқтауы нәтижесінде мүліктен айырылу шарасының басталу факті – сақтандыру жағдайы деп табылады:
- 1) кәмелетке толмаған жасөспірім заң бойынша өзі дербес жасауға құқығы бар мәмілелерді қоспағанда, оның 14 (он төрт) жасқа толған кезде өке-шешесінің (асырап алушылардың) немесе қамқоршысының келісімінсіз мәміле жасауы;
 - 2) рухани дертке немесе жарыместікке шалдығу салдарынан қабілетсіз деп танылған тұлғаның мәміле жасауы;
 - 3) сот қабілеттігін шектеген тұлғаның мәміле жасауы;
 - 4) әрекет етуге бейім, бірақ ол өзінің әрекеттерінің мәнін түсінбейтіндей немесе әрекеттерін басқара алмайтындей халде болған сәтте азаматтың мәміле жасауы;
 - 5) жаңылудың немесе ауыр жағдайлардың тоқайласуы салдарынан тұлғаның мәлі жасауы;
 - 6) жұбайлардың бірінің келісімінсіз, жұбайы екеуінің ортақ мүлкімен мәміле жасау;
 - 7) мәміле жасағаннан кейін Сақтандыру келісімшартында көрсетілмеген, оған меншік құқығы жоқ тұлғалардың: заң бойынша немесе өситетнамада ескерілмеген, асырауындағы, қарт және кәмелетке толмаған азаматтардың, әскерде қызмет етіп жатқан, қамауда отырған тұлғалардың пайда болуы;
 - 8) сенімхат берген тұлға қайтыс болғаннан, ол тұлғаны қабілетсіз, қабілетті шектелген деп танығаннан немесе хабар-ошарсыз кеткеннен кейін сенімхат бойынша мүлікті сату;
 - 9) Контрагентке тиесілі емес мүлікті сату;
 - 10) құжаттарды қолдан жасау, жалған құжат жасау;
 - 11) заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе құрылтай құжаттарымен шектелген қызметтің мақсаттарына қайшы келетін, немесе заңды тұлғаның органдының жарғылық құзыреттілігін бұза отырып мәміле жасауы.

3.2. Сақтандыру келісімшартында көрсетілген мүлікке меншік құқығын жоғалту – осы Ережеге сәйкес, төменде көрсетілген шарттардың бірдей сақтаған кезде сақтандыру жағдайы болып табылады:

- 1) Сақтанушы мүлікті адаптациялық атап жасау болып табылады;
- 2) мүлікке меншік құқығын Қазақстан Республикасының соты мүлікпен жасалған мәмілені жарамсыз деп тану туралы заңды күшіне енген сот актісінің негізінде жоғалту (тоқтату);
- 3) Қазақстан Республикасының соты сот актісін талапкердің талаптарын сақтанушының

мойындауының, медиативтік (бітімгерлік) келісім жасаудың немесе дауды бейбіт жолмен реттеу бойынша басқа рәсімдерді жүзеге асырудың негізінде шығармаған;

4) сақтанушының мүлікке меншік құқығын жоғалтуы (тоқтатуы) және мүлікке меншік құқығының жаңа менишік иесіне өтуі мемлекеттік органдарда тіркелген немесе сол фактіні растайтын Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерімен көзделген басқа да міндетті рәсімдер жүргізілген (нақты әрекеттер жасалған).

3.3. Сақтандыру тәуекелінің (сақтандыру жағдайларының) нақты тізімі тараптардың келісімі бойынша Сақтандыру келісімшартында көрсетіледі.

3.4. Егер Сақтанушының (Сақтандырылушиның), Контрагенттің немесе Пайда алушының құқыққа қайшы әрекеттері мәмілені жаңсыз деп тану үшін негіз болып табылған болса, мәмілені жарамсыз деп танудың нәтижесінде сақтандырылған мүлікке меншік құқығын жоғалту – сақтандыру жағдайы деп саналмайды.

3.5. Егер БҮҰ-ның резолюциясына немесе сауда немесе экономикалық санкцияларға, Қазақстан Республикасы, Еуропалық Одақтың немесе АҚШ үкіметтерінің заңдарына немесе қаулыларына сәйкес сақтандыру өтемінің, сақтандыру төлемінің немесе қаржылық пайданың қандай да бір бөлігі Сақтандырушыға немесе оның органына қандай да бір санкциялар, тыйымдар немесе шектеулер салуға алып келсе, Сақтандырушы сақтандыру қорғанысын ұсынбайды, сондай-ақ оған сақтандыру төлемін төлеу немесе сақтандыру келісімшарты бойынша қандай да бір өзге қаржылық пайдалар беру бойынша міндеттер артылмайды.

3.6. Сақтандыру жағдайы сақтандырылған мүлікке меншік құқығы Сақтандыру келісімшартының қолданысы кезеңінде орын алған жағдайда ғана сақтандыру жағдайы деп танылады.

4. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНА ЖАТПАЙТЫН ШАРТТАР МЕН ШЕКТЕУЛЕР

4.1. Келесі жағдайлар сақтандыру жағдайы болып саналмайды:

- 1) меншік иесінің мүлікті адалауы;
- 2) меншік иесінің мүлік меншік иелігінен бас тартуы;
- 3) мүліктің жойылуы, бұлінуі немесе жоқ етілуі;
- 4) Сақтандыру келісімшартын жасау сәтінде қандай да бір ауыртпалықтардың болуы;
- 5) меншік иесінің міндеттемелері бойынша мүлікке өндіріп алу шарасын қолдану;
- 6) заңнамалық актілердің күшіне қарай сол тұлғаға тиісті болмайтын мүлікті мәжбүрлеп адалау;
- 7) реквизиция;
- 8) тәркілеу;
- 9) мемлекеттік қажеттіліктер мақсатында мүлікті мемлекеттің сатып алуы;
- 10) жер участесін алған қоюға байланысты мүлікті адалау;
- 11) Сақтандыру келісімшартын жасау сәтінде қандай да бір ауыртпалықтардың болуы;
- 12) жылжымайтын мүлік орналасқан, Сақтанушыға (Сақтандырылушиға) тиесілі емес жер участесін пайдалану құқығынан айырылудың салдарынан жылжымайтын мүлікке меншік құқығынан айырылу;
- 13) Сақтанушының (Сақтандырылушиның) мүлікке меншік құқығын шектеуге келісімі, оның ішінде талап-арызды мойындау немесе бітімгерлік келісім жасау арқылы;
- 14) жұбайлардың, оның ішінде ажырасқан жұбайлардың, әке-шешелердің, балалардың, біреуі Сақтанушы (Сақтандырылуши) болып саналатын кез келген туыстардың және Сақтанушының (Сақтандырылушиның) отбасының басқа мүшесі болып саналатындар, арасында туындастырылған меншік құқығына қатысты кінәрраттар, сондай-ақ мұрагерлер арасында туындастырылған меншік құқығына қатысты кез келген кінәрраттар;
- 15) қараусыз қалған мүлікті, мәдени немесе тарихи құндылықтарды сатып алу.

4.2. Тараптардың келісімімен Сақтандыру келісімшартында сақтандыру жағдайынан тыс шарттардың нақты тізімі көрсетілуі мүмкін.

4.3. Төменде көрсетілгендердің салдарынан меншік құқығынан айырылу нәтижесінде мүліктен айырылу – сақтандыру жағдайы болып танылмайды:

- 1) соғыс; өзге елге басып кіру; шетелдік мемлекеттің қастық әрекеттері; әскери немесе соған

ұқсас операциялар (соғыс жарияланған ба, жоқ па, оған қарамастан) немесе азаматтық соғыс; 2) бүлік; ереуілдер; локауттар; халық көтерілісі көлеміне жететін немесе өсетін азаматтық тәртіпсіздіктер; бүлікшілік; азаматтық толқулар; әскери бүлік; революция; билікті әскери басып алу немесе тартып алу; тәркілеу; реквизиция немесе мүлікті мемлекеттендіру; қандай да бір террорлық немесе тыйым салынған ұйымға тиесілі екеніне қарамай, адам немесе адамдар тобы жасаған террорлық акті;

3) атом отынын жағудың салдарынан радиоактивті сөулелендіру немесе радиоактивтік отынмен немесе радиоактивті қалдықтармен ластау;

4) Сақтанушының (оның жұмыскерлерінің) меншік құқығын қабылдау-өткізу туралы мәміле жасау кезіндегі әділетсіз, жаңылыс әрекеттері (құзыреті жоқ адамның қол қоюы, мәмілені заңнаманың, ішкі құжаттардың талаптарын бұза отырып жасау), жылжымайтын мүлікпен жасалған мәмілелерді тіркеуге үәкілдеп орган қызметкерлерінің, Сақтанушымен / Сақтандырылушымен үлестес қатысу келісімшартын жасау кезінде құрылышының (оның қызметкерлерінің) жаңылыс әрекеттері;

5) қорғану қажет және аса қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда, Сақтанушының және (немесе) басқа мүдделі тұлғалардың, немесе солардың жұмыскерлерінің сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған немесе сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соқтыратын қасақана әрекеттері;

6) **сақтанушы (сақтандырылушы)** Сақтандыру келісімшартының қолданысы басталатын күнге дейін білген немесе білуі тиіс болған, бірақ ол жөнінде сақтандырушыға хабарламаған факторлар, жағдайлар, мән-жайлар, оның ішінде Сақтандыру келісімшартын жасау сәтіне кез келген формадағы меншік құқығы туралы даудың болуын хабарламауы;

7) мемлекеттік органдардың және солардыңлауазымдық тұлғаларының заңсыз әрекеттері (шешімдері, қаулылары, бұйрықтары);

8) мүлікке құқықты сатып алған жағдайда оны екі жылдан астам уақыт нақты иелік етпеу және пайдаланбау;

9) Сақтанушының, Контрагенттің немесе Пайда алушының, сондай-ақ солардың жұмыскерлерінің сақтандыру оқиғасымен тікелей себептік байланысы бар қылмыс жасауы;

10) Сақтанушының, Контрагенттің немесе Пайда алушының, сондай-ақ солардың жұмыскерлерінің алкогольдік, уыттық немесе есірткілік масаю күйіндегі, сонымен қатар ол өзінің әрекеттерінің мәнін түсіне алмайтын немесе әрекеттерін басқара алмайтын күйдегі әрекеттері (әрекетсіздігі);

11) Сақтанушының, Контрагенттің немесе Пайда алушының, сондай-ақ солардың жұмыскерлерінің тиісті дағыларды және арнайы рұқсатнамаларды талап ететін әрекеттері, егер ол рұқсатнамалар белгіленген құжаттармен расталмаған болса;

12) Сақтанушының, Контрагенттің, Пайда алушының немесе басқа мүдделі тарараптың, оның жұмыскерлерінің, агенттерінің немесе мүлік табысталуы мүмкін кез келген өзге тұлғаның әрқандай алақол/құқыққа қайшы әрекеттері (өтірік, жалған құжат жасау, жаңылыстыру, алайқтық).

4.4. Осы Ережеге сәйкес сақтанушыға келген тікелей мүліктік зиян ғана өтеледі.

4.5. Егер Сақтандыру келісімшартында басқалай келісілмен болса, сақтандыруши келесілер үшін сақтандыру төлемін төлемейді:

1) Сақтанушының немесе үшінші тұлғаның жанама турдегі коммерциялық жоғалтулары, шығыстары (айыппұлдар, тұрақсыздық төлемдері және т.б.), айырылып қалған пайда түріндегі залалдары;

2) моральдық зиян, арына, абырайына және іскери беделіне зиян келтіретін мәліметтерді таратудан келген зиян (Сақтандырушының сақтандыру құпиясын сақтау міндетіне байланысты емес), Сақтанушының (пайда алушының) жоғалтулары (оның ішінде айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық төлемдері, өндірістің тұрып қалуына байланысты залалдар, мүліктің тауарлық құнын/тауарлық түрін жоғалтуы, айырылып қалған пайда), коршаған ортадан келген зиян;

3) Сақтанушының (Сақтандырылушкиның) мәміле шарттарын бұзуынан, орындаамаудан немесе лайықты орындаамаудан келген залалдар;

4) сақтандыру жағдайына байланысты істі жүргізуге және оны кез келген үәкілдегі органдарда дәлелдеуге кеткен шығындар (мемлекеттік баж, көшірмелер жасауға, нотариалдық қуәландыруға, сараптамаға, кеткен шығындар, адвокаттың, өкілдің, аудармашының қызметі үшін төлем).

4.6. Егер Сақтандыру келісімшартында басқалай келісілмеген болса, сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуына келесілер негіз болып табылады:

1) Сақтанушының Сақтандырушыға Сақтандыру нысаны, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы әдейі жалған мәліметтерді хабарлау;

2) Сақтанушының (Сақтандырылушиның) сақтандыру жағдайынан келген залалдарды азайту шараларын қасақана қабылдамау;

3) Сақтанушының (Пайда алушының) сақтандыру жағдайынан келген залалдың тиісті өтемақсын алуы;

4) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тексеруге және келген залалдың мөлшерін анықтауға кедергі жасауы;

5) Сақтандырушыға «Үшінші тұлға» ретінде меншік құқығын дауласу туралы азаматтық іске кірісуге Сақтанушының кедергі жасауы;

6) сақтандыру жағдайының басталуы туралы Сақтандырушыға хабарламауы/уақытында хабарламауы. Сақтандыру жағдайының (сақтандыру жағдайының басталуына экеп соқтыратын оқиғаның) басталғаны туралы Сақтандыру ережесінде және/немесе Сақтандыру келісімшартында көрсетілген мерзімде Сақтандырушыға хабарлау факті Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеу (үәкілетті органға есептерді уақытылы және дұрыс беру, сақтандыру төлемдері үшін резерв сомаларды уақытылы жинақтау, қайта сақтандырушыға хабарлау және т.б.) міндетіне (мүмкіндігіне) тікелей байланысты. Тиісінше Тараптар сақтандыру жағдайы туралы Сақтандырушыға хабарламау / уақытылы хабарламау Сақтандырушыны сақтандыру төлемін төлеу мүмкіндігінен айыратынын және ол сақтандыру жағдайы басталған кезде қосымша дәлелдемелерді талап етпейтінін түсінеді және осы арқылы растайды;

7) Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталғаны үшін жауапты тұлғаға өзінің талап ету құқығынан бас тартуы, сондай-ақ талап ету құқығының Сақтандырушуға өтуі үшін қажетті құжаттарды Сақтандырушуға беруден бас тартуы. Егер сақтандыру төлемі төленіп қойған болса, Сақтандыруши оның толығымен немесе ішінара қайтарылуын талап етуге құқылы;

8) сақтандыру келісімшартында көрсетілген тәуекелдерді қоспағанда, мемлекеттік органдардың өкімі бойынша сақтандырылған мүлікке тыйым салу немесе оны жою;

9) Сақтанушы немесе Сақтандырылуыш сақтандыру келісімшартының қолданысы басталған күнге дейін білген немесе білуі тиіс болған, бірақ ол жөнінде Сақтандырушыға хабарламаған факторға, жағдайға, мән-жайларға байланысты, оның ішінде Сақтандыру келісімшартын жасаған сәтке кез келген нысандағы меншік құқығы туралы даудын болуын;

10) Сақтанушының (Сақтандырылушкиның), Контрагенттің немесе Пайдада алушының алақол, қылмыстық әрекеттерінің немесе әрекетсіздігінің салдары;

11) Сақтандыру келісімшартында және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген басқа жағдайлар.

4.7. Егер сақтандыру жағдайы Сақтанушының, Сақтандырылушиның және (немесе) Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген тәртіпте сақтандыру жағдайымен себептік байланысы бар қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық әрекеттерінің салдарынан орын алған болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден толығымен немесе ішінара бас тартуға күкілі.

4.8. Дауды сақтандыру омбудсманы реттеген жағдайда, Сақтанушы (Сақтандырылуши) және (немесе) Пайда алушы болып табылатын басқа тұлға) Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген тәртіпте және шарттармен сотта Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас

тартуы жөнінде дауласуы мүмкін.

4.9. Сақтандыру жағдайларынан тыс шарттар және (немесе) сақтандыруды шектеу туралы ескертпелердің нақты тізімі Сақтандыру келісімшартында белгіленеді. Сақтандыру келісімшартында осы бөлімде айтылған ескертпелерден басқа да сақтандыру жағдайларынан тыс шарттар және (немесе) сақтандыруды шектеу туралы ескертпелер белгіленуі мүмкін.

5. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРІТІБІ. ФРАНШИЗА

5.1. Сақтандыру сомасы Сақтандыру келісімшартында көрсетіледі және келесідей мөлшерде белгіленуі мүмкін:

- 1) Сақтандыру келісімшартын жасаған күнге мүліктің сақтандыру құны мөлшерінде;
- 2) Сақтандыру келісімшартын жасаған күнге мүліктің сақтандыру құнынан аз мөлшерде.

5.2. Сақтандыру сомасы Сақтандыру келісімшартын жасаған күні оның орналасқан жерінде сол мүлікке қатысты сақтандыру жүзеге асырылып жатқан мүліктің сақтандыру құнынан (нақты құнынан) аспауы тиіс.

5.3. Егер Сақтандыру келісімшарты бойынша сақтандыру сомасы Сақтандыру келісімшартын жасаған күні мүліктің құнынан аз болса, басталған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру сомасын мүліктің сақтандыру құнына шаққандағы мөлшерде белгіленеді. Сақтандыру сомасы мен мүліктің сақтандыру құнының сәйкестігі бүкіл Сақтандыру келісімшарты бойынша немесе жекелеген мүлік бойынша айқындалады.

5.4. Сақтандыру келісімшартында шартсыз франшиза белгіленуі мүмкін.

5.5. Франшизаның мөлшері тараптардың келісімімен белгіленеді және әр нақты жағдай үшін жеке келісіледі.

6. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ

6.1. Сақтандыру сыйлықақысы Сақтандыру келісімшартында белгіленеді және сақтандырушының Сақтандыру келісімшартында белгіленген сақтандыру төлемін төлеу міндептемесін қабылдағаны үшін сақтанушының сақтандырушыға төлеуге міндепті ақша сомасын білдіреді.

6.2. Сақтандыру келісімшарты бойынша төлеу тиіс сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру обьектісін және сақтандыру тәуекелінің сипатын есепке ала отырып, сақтандыру сомасы бірлігінен ұсталатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшерлемесін айқындастырып сақтандыру тарифтеріне сәйкес есептеледі.

6.3. Сақтанушы Сақтандыру келісімшартында келісілген сақтандыру сыйлықақысын Тараптардың келісімімен, толығымен немесе мерзімді сақтандыру жарналары түрінде бөліп төлеу арқылы жүзеге асыруы тиіс.

6.4. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (кезекті сақтандыру жарнасын) Сақтандыру келісімшартында көрсетілген мерзімге дейін толық мөлшерде уақытылы төлемеген жағдайда, Сақтандырушы Сақтандыру келісімшарты бойынша сақтандыру қорғанысының қолданысын кезекті сақтандыру жарнасын төлеуді кешіктірген мерзімнен кейінгі күннен бастап біржақты тәртіpte тоқтатуға құқылы. Бұл ретте, Сақтандырушы сақтандыру қорғанысының қолданысы уақытша тоқтатылған кезеңде орын алған сақтандыру жағдайлары бойынша жауапты болмайды.

6.5. Сақтандыру қорғанысының қолданысын уақытша тоқтату Сақтанушыны сақтандыру сыйлықақысын толық көлемде төлеуден азат етпейді.

7. САҚТАНДЫРУ КЕЛІСІМШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ

7.1. Сақтандыру келісімшарты сақтанушы толтырған, Сақтандыру келісімшартының ажыратылmas бөлігі болып табылатын сақтандыру туралы өтініштің (бұдан әрі – өтініш) негізінде жасалады. Сақтандырушы өтініштің форматын өзгертуге құқылы. Сақтанушы өтініште сақтандырушы қойған сұрақтарға сәйкес нақты және толық мәліметтерді көрсетуге міндепті.

Сақтандыру келісімшарты жазбаша түрде немесе сақтандырушы әзірлеген осы Ережеге сақтанушыны біржақты тәртіpte қосу және сақтандырушының сақтанушыға электронды түрде сақтандыру полисін рәсімдеуі арқылы жасалады.

7.2. Сақтандыру келісімшартын жасау кезінде сақтандыру жағдайының басталу ықтималын және оның басталуынан келетін болжалды залалдың мөлшерін анықтау үшін елеулі мәні бар жағдайлар Сақтандырушыға белгілі болмаса және белгілі болмауы тиіс болған болса, сақтанушы өзіне белгілі сондай мән-жайларды, оның ішінде төмендегі мәліметтерді сақтандырушыға хабарлауға міндettі:

- 1) мүлікке қатысты үшінші тұлғалардың наразылықтары туралы;
- 2) оған талап-арыз қойылғаны туралы.

7.3. Сақтанушы өтінішке келесілерді қоса өткізеді:

- 1) мүлікке құқық беретін құжаттар (меншік құқығы туралы күелік, сатып алу-сату, сыйға беру келісімшарты және т.с.с.; сот шешімі, тиісті құзырлы органның өкімі және т.с.с.);
- 2) мүліктің техникалық және пайдалану жағдайы (сипаттары) туралы құжаттар (жер участкесінің жоспары және соның аумағындағы құрылыштың жоспары, техникалық паспорт және т.с.с. – мүліктің түріне қарай);
- 3) сақтандырылатын мүлікке меншік құқығының туындауы немесе көшуі туралы күеландыратын құжаттар (Сақтандыру келісімшартын жасаған құнгі меншік құқығын тіркеу туралы анықтама, меншік құқығын мемлекеттік тіркеу туралы күелік және т.с.с.).

7.4. Сақтандыру келісімшартын жасау үшін Сақтандырушы Сақтанушыдан сақтандыру тәуекелін сипаттайтын қосымша құжаттар мен ақпараттарды талап етуі мүмкін.

7.5. Сақтандыру келісімшартын жасау үшін ұсынылған деректердің шынайылығы мен толықтығы үшін, оның ішінде Сақтандырушының жазбаша саулхатына жазылған жауаптарды қоса, Сақтанушы жауапты болады.

7.6. Сақтандырушы Сақтандыру келісімшартын жасаудан бұрын сақтандыру тәуекелін бағалау бойынша сақтандыру алдындағы зерттеуді жүргізуге құқылы, оған келесілер қамтылады:

- 1) заңдық (құқықтық) зерттеу;
- 2) сақтандырылуы тиіс мүлікке меншік құқығы туралы қосымша мәліметтерді алу;
- 3) сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын есепке ала отырып, барлық алған ақпаратты кешенді түрде талдау;

4) тәуелсіз бағалау компаниясы әзірлеген жылжымайтын мүлікті бағалау туралы акті.

7.7. Сақтандыру келісімшарты бойынша сақтанушы Сақтандыру келісімшартында көрсетілген сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндettенеді, ал сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін төлеугі міндettенеді.

7.8. Егер Сақтандыру келісімшартын жасағаннан кейін Сақтанушының Сақтандыру келісімшартын жасау мақсатында Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелін бағалау және Сақтандырушының сақтандыру келісімшартын жасау туралы шешім қабылдауы үшін едөүр маңызы бар мән-жайлар туралы әдейі жалған мәліметтерді хабарлағаны анықталса, Сақтандырушы сақтандыру келісімшартын жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы.

7.9. Егер Сақтандыру келісімшартында Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдаймен салыстырған Сақтанушының жағдайын нашарлататын шарттар қамтылған болса, атап-жасау заңнамалық актілерде белгіленген ережелер қолданылады.

7.10. Сақтандыру келісімшартында көрсетілуі тиіс шарттардың толық болмағаны үшін жауапкершілік Сақтандырушыға жүктеледі. Сақтандыру келісімшартының жекелеген шарттарының толық болмауы салдарынан дау туындаған жағдайда – ол дау Сақтанушының пайдасына шешіледі.

7.11. Сақтандыру келісімшартын жоғалтқан жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтінішің негізінде оған Сақтандыру келісімшартының дубликатын береді. Содан кейін жоғалған сақтандыру келісімшарты жарамсыз деп танылады.

8. САҚТАНДЫРУ КЕЛІСІМШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ. МЕРЗІМИН ҰЗАРТУ

8.1. Егер Сақтандыру келісімшартында басқалай қарастырылмаған болса, Сақтандыру келісімшарты 12 ай мерзімге жасалады және сақтандыру сыйлықақысы төленген қуннің ертесінен бастап күшіне енеді. Ақша Сақтандырушының банктік шотына немесе кассасына

түсken күн – сақтандыру сыйлықақысын төлеген күн болып саналады.

8.2. Сақтандыру қорғанысының қолданыс кезеңі Сақтандыру келісімшартының қолданыс мерзіміне сәйкес келеді.

8.3. Сақтандыру келісімшарты Сақтандыру келісімшартында Сақтандыру келісімшартының аяқталу күні деп көрсетілген күнгі сағат 24:00-де немесе сақтандырушы алғашқы сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырған кезде өз қолданысын тоқтатады.

8.4. Сақтандыру келісімшартын 12 (Он екі) айдан аз мерзімге жасаған кезде сақтандыру сыйлықақысы жылдық сыйлықақының келесідей мөлшерлерінде белгіленеді (тольғы емес ай – тольғы ай ретінде саналады):

Сақтандыру мерзімі (ай)*	Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері жылдық сақтандыру сыйлықақысының %-мен
1 айдан толық 2 айға дейін	25,0
2 айдан толық 3 айға дейін	40,0
3 айдан толық 4 айға дейін	50,0
4 айдан толық 5 айға дейін	60,0
5 айдан толық 6 айға дейін	70,0
6 айдан толық 7 айға дейін	75,0
7 айдан толық 8 айға дейін	80,0
8 айдан толық 9 айға дейін	85,0
9 айдан толық 10 айға дейін	90,0
10 айдан толық 11 айға дейін	95,0
11 айдан астам уақыт	100,0

8.5. Сақтандыру келісімшарты алғашқы басталған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырған сәттен бастап өз күшін тоқтатады.

8.6. Сақтандырушы әрі сақтандыру қорғанысының қолданыс мерзімі кезеңінде, әрі Мұлікке қатысты талап-арыз сақтандыру қорғанысының қолданыс мерзімі кезеңінде қойылған және Сақтандырушы сақтандыру қорғанысының қолданыс мерзімі кезеңінде ол талаптар туралы хабардар болған жағдайда, ол мерзім аяқталғаннан кейін басталған сақтандыру жағдайы кезінде сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

8.7. Осы Ережеге сәйкес Сақтандыру келісімшартының қолданыс орны (сақтандыру аумағы) – Сақтандыру келісімшартында көрсетілген аумақ деп қолданылады.

8.8. Тараптардың бірі Сақтандыру келісімшартының тоқтау күнінен 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын ол жөнінде хабарлаған және сақтандыру сыйлықақысы төленген жағдайда, Сақтандыру келісімшарты тараптардың келісімі бойынша келесі мерзімге ұзартылуы мүмкін.

9. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

9.1. Сақтандырушы құқылы:

- 1) сақтанушы/сақтандырылуши ұсынған ақпараттар ен құжаттарды, сондай-ақ Сақтандыру келісімшартының талаптары мен шарттарын сақтанушының/сақтандырылушиның орындауын тексеруге;
- 2) сақтандыру төлемін бағалауға;
- 3) тәуекелдің туындауына әкеп соқтыратын мән-жайлардың болуын кез келген уақытта тексеруге;
- 4) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғалардың себептері мен жағдайларын өзі дербес анықтауға, құзыреттілігіне қарай тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан сақтандыру жағдайының басталу факті мен шығындардың мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;
- 5) сақтанушыдан/сақтандырылушидан сақтандыру жағдайының фактін, оның туындау мән-жайын айқындау үшін қажет ақпаратты талап етуге;
- 6) Осы Ережеде және Сақтандыру келісімшартында көзделген негіздер бойынша сақтандыру төлемін толығымен немесе ішінара төлеуден бас тартуға;
- 7) Сақтандыру келісімшартын мерзімінен бұрын тоқтатуға және сақтанушы

(сақтандырылуши) Сактандыру келісімшартының шарттарын орындаудың нәтижесінде Сактандырушыға келген залалдардың өтелуіне;

8) қылмыстық жолмен алған табысты заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-кимылдар туралы заңнаманың сақтау мақсатында Сактандыру келісімшарты аясында ақшалармен және (немесе) басқа мүлікпен операциялар жүргізуді уақытша тоқтатуға/жүргізуден бас тартуға;

9) Сактанушының іс-кимылдарында әділетсіздік белгілері анықталған кезде, Қазақстан Республикасының «Сактандыру қызметі туралы» Заңына сәйкес, сактандырушыға (пайда алушыға) тиісті тексерістердің жүргізілуі туралы көрсетіп, сактандыру төлемін төлеуді уақытша тоқтатқан күннің ертесі күннен кешіктірмей сактандыру төлемін төлеуді уақытша тоқтату туралы хабарлама жіберу арқылы, сактандыру төлемін 30 (отыз) күнтізбелік күндік мерзімге уақытша тоқтатуға;

10) Сактанушыға сактандыру тәуекелінің артына әкелетін мән-жайлар туралы хабарланған жағдайда, Сактандыру келісімшартының шарттарын өзгертуді немесе артылған тәуекелге тең мөлшерде қосымша сактандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге. Егер Сактанушы Сактандыру келісімшартының шарттарын өзгертуге немесе қосымша сактандыру сыйлықақысын төлеуге қарсы болса, Сактандырушы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында қарастырылған тәртіпте, Сактандыру келісімшартының ережелерін ескере отырып, Сактандыру келісімшартын бұзуды талап етуге құқылы;

11) Сактандыру келісімшартын жағанға дейін мүлікке тексеру жүргізуге және Сактанушының (Сактандырылушиның) мүлікке меншік құқығын растайтын құжаттармен танысуға;

12) сактандырудың қолданыс кезең ішінде сактандыру тәуекелінің күй-жайын, оның Сактандыру келісімшартын жасау кезінде Сактанушы ұсынған мәліметтерге сәйкестігін тексеруге;

13) осы Ережеде немесе Сактандыру келісімшартында немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да іс-әрекеттерді жасауға.

9.2. Сактандырушы міндетті:

1) Сактанушыны осы Ереженің шарттарымен таныстыруға және соның талабы бойынша оған Ереженің көшірмесін беруге (жіберуге);

2) Сактандыру құпиясын қамтамасыз етуге;

3) Осы Ереженің және Сактандыру келісімшартының шарттарына сәйкес сактандыру төлемін төлеуге немесе сактанушыға сактандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы жазбаша уәжді хабарлама жіберуге;

4) сактанушыға сактандыру жағдайы кезінде залалдарды азайту үшін жұмсаған шығындарды оған өтеуге;

5) сактанушы (сактандырылуши) немесе жәбірленуші (пайда алушы) немесе солардың өкілі сактандыру төлемін төлеу үшін қажет барлық құжаттарды өткізбеген жағдайда, жетіспейтін құжаттар факті анықталған сәттен бастап 10 (он) жұмыс қуні ішінде оларға жетіспейтін құжаттар туралы хабарлауға;

6) «Сактандыру қызметі туралы» Заңының 15-2. Бабының 1-тармағына және 2-тармағының екінші абзацына сәйкес өзінің дербес Интернет-ресурсын және (немесе) басқа ұйымдардың Интернет ресурсын пайдалану кезінде қамтамасыз етуге Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына сәйкес дербес деректерді жинауды және өндеуді жүзеге асыру кезінде дербес деректерді қорғауды;

7) осы Сактандыру келісімшартында немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа іс-әрекеттерді жасауға.

9.3. Сактанушы құқылы:

1) Сактандырушыдан сактандыру шарттарын, осы Ереже мен Сактандыру келісімшарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;

2) Сактандыру келісімшартының түпнұсқасын жоғалтқан кезде оның дубликатын алуға;

- 3) Сактандырудың құпия қалуына;
- 4) Сактандыру келісімшарттын мерзімінен бұрын бұзуға;
- 5) сактандыру сыйлықақысын тең мөлшерде өзгерту арқылы сактандыру тәуекелін өзгертуге;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіpte Сактандырушының сактандыру төлемін төлеуден немесе оның мөлшерін азайтудан бас тартуы туралы дауласуға;
- 7) осы Ережеде немесе Сактандыру келісімшартында және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да іс-әрекеттерді жасауға.

9.4. Сақтанушы міндетті:

- 1) Сактандыру келісімшартын жасау кезінде сактандыру тәуекелін бағалау және сактандырушының Сактандыру келісімшартын жасау туралы шешім қабылдауы үшін өзіне белгілі болған едәуір маңызы бар бүкіл мән-жайлар туралы сактандырушыға хабарлауға;
- 2) Сактандыру келісімшартын жасау кезінде және Сактандыру келісімшартының қолданыс кезеңінде сол сактандыру объектіне қатысты ұқсас тәуекелдер бойынша барлық қолданыстағы/жасалып жатқан Сактандыру шарттары туралы сактандырушыға ақпарат беруге;
- 3) Сактандыру келісімшартында белгіленген мөлшерде, тәртіpte және мерзімдерде сактандыру сыйлықақысын төлеуге;
- 4) Сактандыру келісімшартының қолданыс кезеңінде өзіне белгілі болған сактандыру тәуекелінің күй-жайындағы өзгерістер туралы шұғыл түрде, бірақ өзіне белгілі болған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, сактандырушыға ақпарат беруге;
- 5) сактандыру жағдайынан келетін залалдардың алдын алу немесе залалдарды азайту шараларын қолдануға;
- 6) сактандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталуына байланысты сактандырушы әрі өзінің, әрі сактанушының мұдделерін қорғау үшін өз өкілін тағайындау қажет деп санаған жағдайда – сактандырушы көрсеткен тұлғаларға аталған мұдделерді қорғау үшін сенімхат немесе басқа да қажет құжаттарды беруге;
- 7) егер сактанушы сактандырылуши болмаса, сактандырылушиның Сактандыру келісімшартын жасау туралы келісімін алуға және Сактандыру келісімшарты бойынша сактандырылушиға белгілі бір міндеттер жүктеледі;
- 8) сактандыру келісімшартының шарттарын орындауға (сактандырылушилардың Сактандыру келісімшартының шарттарын бұзуы – Сактандыру келісімшартын сактануының бұзғаны ретінде бағаланады);
- 9) сактандыру жағдайының басталғаны туралы Ережеде және Сактандыру келісімшартында белгіленген мерзімдерде сактандырушыға хабарлауға;
- 10) сактанушы сактандырушыдан Сактандыру келісімшартын өзгерту туралы және/немесе сактандыру сыйлықақысын толықтыра төлеу туралы хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде тәуекел дәрежесі артқан кезде Сактандыру келісімшартына өзгертулер енгізуге және/немесе сактандыру сыйлықақысын төлеуге;
- 11) сактандыру жағдайынан келетін залалдардың алдын алу немесе залалдарды азайту шараларын қолдануға;
- 12) сактандыру жағдайының себептері, барысы және салдары, келген залалдың сипаты мен мөлшері туралы пікір қалыптастыруға болатын өзінде бар ақпаратты сактандырушыға беруге;
- 13) сактандыру жағдайының басталуы үшін жауапты тұлғаға талап қою құқығының сактандырушыға өтуін қамтамасыз етуге;
- 14) Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын орындау үшін қажет Сактандырушы сұратқан барлық құжаттар мен мәліметтерді беруге;
- 15) Осы Ережеде немесе Сактандыру келісімшартында және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген басқа да іс-әрекеттерді жасауға.

9.5. Пайда алушы құқылы:

- 1) сақтандырушыдан сақтандыру шарттарын, осы Ереже мен Сақтандыру келісімшарты бойынша өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- 2) сақтандыру төлемін төлеу туралы сақтандырушыға талап білдірге;
- 3) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін осы Ереже мен Сақтандыру келісімшартында көзделген тәртіпте және шарттармен алуға;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте, Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден немесе сақтандыру төлемінің мөлшерін азайтудан бас тартуын дауласуға;
- 5) Осы Ережеде немесе Сақтандыру келісімшартында немесе Қазақстан Республикасының колданыстағы заңнамасында көзделген басқа да іс-әрекеттерді жасауға.

9.6. Сақтанушыға/Пайда алушыға талап-арыз немесе наразылық білдірге себеп болуы мүмкін оқиға туралы ақпарат алған кезде Сақтанушы/Пайда алушы міндетті:

- 1) өзіне сақтандыру жағдайының басталғаны туралы белгілі болған немесе белгілі болуы тиіс болған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ол жөнінде Сақтандырушыға жазбаша хабарлауға және сақтандыру жағдайының басталу фактін растайтын құжаттардың көшірмесін ұсынуға;
- 2) сақтандыру жағдайының алдын алу мақсатында ақылға қонымды және қалыптасқан жағдайда қолжетімді шараларды қолдануға. Тиісті шараларды қолдана отырып, егер Сақтандырушы Сақтанушыға нұсқаулар берген болса, соларды орындауы тиіс;
- 3) егер сот талап-арыз қабылдаған болса, 3 (үш) жұмыс күні ішінде ол жөнінде Сақтандырушыға хабарлауға, оған талап-арыз көшірмесі мен талапқа қатысы бар құжаттарды беруге.

9.7. Осы бөлімде көрсетілген тараптардың құқықтары мен міндеттерінің тізімі толық болып саналады, тараптардың жекелеген міндеттері осы Ереженің басқа бөлімдерінде қарастырылған және олар Сақтандыру келісімшартында толықтырылуы / кеңейтілуі / өзгертилуі мүмкін.

10. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУ ҮШІН ҚАЖЕТ ҚҰЖАТТАР

10.1. Сақтандыру төлемі туралы мәселені қарастыру үшін сақтанушы сақтандырушыға келесідей құжаттарды өткізуі тиіс:

- 1) сақтандыру төлемі туралы өтініш;
- 2) Сақтандыру келісімшартының (оның дубликатының) көшірмесі;
- 3) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғаны туралы өтініш;
- 4) мұлікке құқық беретін құжаттар, оның ішінде: сатып алу-сату келісімшарты, мұліктің құнын төлегені туралы төлем құжаттары;
- 5) мұліктің сәйкестендіру құжаттары, оның ішінде: меншік құқығы туралы күелік, сақтанушының мұлкі бар екені (мұлкі тіркелгені) туралы анықтама;
- 6) сақтанушы мен меншік құқығына дауласып жатқан тұлға арасындағы сотқа дейін жазысқан хаттар;
- 7) барлық қосымшалары, толықтырулары және өзгертулері қоса тіркелген талап-арыз;
- 8) сақтанушының мұлікке меншік құқығының тоқтаған фактін белгілейтін Қазақстан Республикасының заңды құшине енген сот актісі;
- 9) сақтанушының мұлікке меншік құқығының тоқтағанын растайтын құжат – уәкілетті мемлекеттік органның анықтамасы, меншік құқығы туралы күелік және т.с.с.
- 10) мұлікке нақты иелік ету және оны пайдалану құқығының сақтанушыдан жаңа меншік иесіне өткенін растайтын құжаттар;
- 11) заңды тұлғаның өкіліне берілген сенімхаттың түпнұсқасы, құрылтай құжаттардың көшірмелері: жарғы, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы күелік, статистикалық карточка, салық төлеушінің күелігі;
- 12) мұлікті бағалау туралы акті – жекешелендіру, мұраға алу, сыйға алу тәртібінде ие болған мұлікке меншік құқығын сақтандырған кезде;
- 13) кепілдегі мұлікті титулдық сақтандыру келісімшартына бойынша сақтандыру төлемі

туралы өтінішке келесідей құжаттар қоса ұсынылуы тиіс:

а) Қарыз келісімшартының көшірмесі;

б) Қарыз келісімшарты бойынша қамтама болып табылатын Кепілге қою туралы келісімшарттың көшірмесі;

в) сақтандыру жағдайы басталған күнгі күй-жай бойынша Қарыз келісімшарты бойынша берешегінің мөлшері туралы анықтама.

14) сақтандыру жағдайының басталу фактін растайтын басқа да құжаттар және сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеу туралы шешім қабылдауы үшін қажет мәліметтер.

10.2. Қажет жағдайда сақтандырушы сақтандыру жағдайына байланысты құжаттар мен мәліметтерді сақтандыру жағдайының басталу мән-жайлары туралы ақпаратқа ие құқық қорғау органдарынан, банктерден және басқа ұйымдардан сұратуға құқылы, сондай-ақ сақтандыру оқиғасының себептері мен мән-жайларын өзі дербес анықтауға құқылы.

10.3. Сақтандырушы жоғарыда баяндалған құжаттар тізімін қысқартуға немесе егер нақты мән-жайларды есеп алғанда сол құжаттардың болмауынан сақтандыру жағдайының басталу фактісін анықтау және залалдың мөлшерін айқындау мүмкін болмайтын болса, қосымша құжаттарды талап етуге құқылы.

11. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

11.1. Сақтандырушы Сақтандыру келісімшарты бойынша нақты залалдың мөлшерінде, бірақ франшизаны, мәмілені жарамсыз деп танудың нәтижесінде сот Сақтанушыға (Сақтандырылуышыға, пайда алушыға) тағайындаған ақша сомасын немесе мүліктің құнын, сондай-ақ тепе-тендік шарттарын (егер болса) ескере отырып, сақтандыру сомасынан аспайтын мөлшерде жауапты болады. Сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде мүлікке тікелей келген залалғана өтелуге жатады.

11.2. Сақтандыру төлемін сақтандырушы сақтанушының сақтандыру төлемін төлеу туралы жазбаша өтінішінің және сақтанушы ұсынған құжаттардың негізінде жүзеге асырады.

11.3. Сақтандыру жағдайы басталған кезде франшизаны шегеріп тастанап және осы Ереженің 4-бөлімінде қарастырылған сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға негіз болмаған кезде сақтандыру төлемі төленеді. Егер залал шартсыз франшизаның сомасына аспайтын болса, сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден азат етіледі. Егер залал шартсыз франшизаның сомасынан асатын болса, онда сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау кезінде залал сомасынан шартсыз франшизаның мөлшері шегеріледі.

11.4. Егер сақтандыру сомасы Сақтандыру келісімшартын жасаған күнгі мүліктің сақтандыру сомасынан аз болса, онда сақтандыру төлемі Сақтандыру келісімшарты жасалған күнгі мүліктің сақтандыру құнына шаққандағы сақтандыру сомасына тең төленді.

11.5. Сот шешімі бойынша Сақтанушы (Сақтандырылуыш):

- 1) мүлікке бүтіндей меншік құқығынан айырылған жағдайда сақтандыру төлемі франшизаны есепке ала отырып, толық сақтандыру сомасы мөлшерінде белгіленеді;
- 2) мүліктің бөлігіне меншік құқығынан айырылған жағдайда Сақтандырушы сақтандыру төлемін франшизаны есепке ала отырып, толық сақтандыру сомасына шаққандағы меншік құқығынан айырылған мүлік бөлігінің құнына тең мөлшерде белгілейді.

11.6. алғашқы басталған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемін төлегеннен кейін Сақтандыру өз күшін тоқтатады.

11.7. Егер сақтандыру төлемі төменгі инстанциядағы соттың сот актісін жоғарғы инстанциядағы сот қайта қарағанға дейін төленген болса және ол сот актісінің күші жойылғаннан болса, онда пайда алушы аталған сақтандыру төлемін сақтандырушыға жоғарғы инстанциядағы соттың сот актісі күшіне енген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қайтарылуы тиіс.

11.8. Сақтандырушы мәлімдеме жасалған сақтандыру жағдайы бойынша қажет құжаттарды алғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемін төлеу немесе сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы тиісті шешім қабылдайды. Егер сақтандырушы сақтандыру

төлемін төлеуден бас тарту туралы шешім қабылдаған болса, онда бас тартудың уәжді себебін жазбаша түрде ұсынады.

11.9. Мәлімдеме жасалған оқиға сақтандыру жағдайы деп танылған кезде сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеу туралы шешім қабылдағаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде немесе тараптардың келісімен белгіленген мерзімде сақтандыру төлемін жүзеге асырады. Сонымен катар, сақтандыру төлемін төлеу мерзімі қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы сақтау мақсатында уақытша тоқтатылуы мүмкін.

11.10. Егер құқық қорғау органдары Сақтанушының мүлікке меншік құқығына байланысты қылмыстық іс қозғаған болса және сол бойынша мүлікке қатысты мән-жайларға тергеу жүргізіліп жатқан болса, сақтанушының (пайда алушының) қылмыстық іске қатыстылығы дәлелденбеген кезде, сақтанушыға (пайда алушыға) ақтау үкімі шығарылған кезде, қылмыстық іс жауап алу немесе алдын ала тергеу кезеңінде тоқтатылғанға дейін, сондай-ақ егер көрсетілген іс-әрекеттер сақтандыру жағдайының басталуын әкелген мән-жайларға байланысты болса, Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасына сәйкес сақтанушының (пайда алушының) іс-әрекеттерінде, құқыққа қайшылықтың жоқ екенін көрсететін басқа мән-жайлар басталғанға дейін Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеу туралы шешім қабылдауды кейінге қалдыруға құқылы. Жоғары инстанциядағы соттар төменгі инстанциядағы сот актісін қайта қараған кезде, сондай-ақ сақтандыру жағдайының басталу мән-жайлары туралы ақпаратқа ие құқық қорғау органдарына, банктерге және басқа ұйымдарға сақтандыру жағдайына байланысты құжаттар мен мәліметтерді алу туралы сауалхат жіберген кезде сақтандыру төлемін төлеу кейінге қалдырылады.

11.11. Сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешімді Сақтандырушы шешім қабылдағаннан кейін ол жөнінде Сақтанушыға жазбаша түрде, бас тартудың негізді себептерін көрсете отырып және Сақтанушының, Сақтандырылушиның, Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы бар екені туралы хабарлайды.

12. СУБРОГАЦИЯ

12.1. Сақтандыру нәтижесінде қайтарылған залал үшін жауапты тұлғаға сақтанушының талап қою құқығы төленген сома көлемінде сақтандыру төлемін жасаған сақтандырушыға өтеді.

12.2. Сақтанушы сақтандыру төлемін алған кезде өзінде бар барлық құжаттар мен дәлелдемелерді сақтандырушыға беруге және сақтандырушыға өткен талап қою құқығын жүзеге асыру үшін қажет барлық мәліметтерді сақтандырушыға хабарлауға міндettі.

12.3. Сақтандырушыға өткен кері талап қою құқығы, ол Сақтандыру келісімшартында белгіленбеген болса да, сақтанушының қалауы бойынша іске асырылады.

12.4. Егер сақтандырушы өтеген немесе залал үшін жауапты тұлғаға талап қою құқығынан сақтанушы бас тартса, немесе ол құқықты жүзеге асыру сақтанушының кінәсінен мүмкін болмайтын болса, сақтандыру төлемін толығымен немесе тиісті бөлігінде төлеуден азат етіледі және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

13. САҚТАНДЫРУ КЕЛІСІМШАРТЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕҢГІЗУ

13.1. Сақтандыру келісімшартына өзгертулер мен толықтырулар еңгізу екі тараптың келісімімен, Тараптардың бірінің жазбаша өтінішінің (хабарламасының) негізінде жүзеге асырылады.

13.2. Тараптардың бірінің өтінішін алған сәттен бастап шешім қабылдағанға дейін Сақтандыру келісімшарты бұрынғы шарттармен қолданысын жалғастырады.

13.3. Осы Ережеге сәйкес жасалатын Сақтандыру келісімшартына өзгертулер мен толықтырулар Сақтандыру келісімшартына қосымша келісім жасау және оған қол қою арқылы рәсімделеді. Егер сақтандыру шарасы сақтандыру полисін беру арқылы рәсімделген болса, онда өзгертулер мен толықтырулар еңгізу кезінде сақтандыру полисі мерзіміне бұрын қүшін жояды және жаңасы рәсімделеді.

13.4. Сақтандыру келісімшартына енгізілген барлық өзгертулер мен толықтырулар – олар жазбаша рәсімделген және екі Тараптың да уәкілдегі өкілдері қосымша келісімге қол қойған жағдайда заңды күші болады.

14. САҚТАНДЫРУ КЕЛІСІМШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ

14.1. Сақтандыру келісімшарты келесідей жағдайларды тоқтатылады:

- 1) Сақтандыру келісімшартының қолданыс мерзімінің аяқталуына байланысты;
- 2) сақтандыру төлемін сақтандыру сомасы мөлшерінде төлеген жағдайда;
- 3) сақтандыру тәуекелінің дәрежесі артқан жағдайда сақтанушы Сақтандыру келісімшартының шарттарын өзгертуге және/немесе қосымша сыйлықақы төлеуге келіспеген жағдайда.
- 4) сақтандыру сыйлықақысын немесе кезекті сақтандыру жарнасын төлеуді кешіктірген жағдайда.

14.2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздемелерінен басқа, Сақтандыру келісімшарты төмендегідей жағдайларды мерзімінен бұрын тоқтатылады:

- 1) сақтандыру объектісі жойылған жағдайда;
- 2) сақтанушы мүліктік сақтандыру объектісін адалаған жағдайда, егер сақтандырушы сақтанушыны ауыстыруға қарсы болса, ал Сақтандыру келісімшартында басқа шарттар көзделмеген болса;
- 3) сақтандыру жағдайының басталу ықтималы жойылған болса және сақтандыру жағдайынан басқа жағдаяттар бойынша Сақтандыру тәуекелі тоқтаған болса;
- 4) егер Сақтандыру келісімшарты Сақтанушыға сақтандыру полисін беру арқылы жасалған болса, сақтандыру полисіне енгізілген шарттар мен мәліметтердің өзгеруі;
- 5) сақтанушының бастамасымен;
- 6) сақтандырушының бастамасымен.

14.3. Сақтандыру келісімшартын тоқтату үшін негіздеме ретінде қарастырылған жағдаяттар туындаған сәттен бастап Сақтандыру келісімшарты тоқтатылған болып саналады және ол жөнінде мүдделі Тарап шүғыл түрде екінші Тарапқа хабарлайды.

14.4. Егер Сақтандыру келісімшартында басқалай көзделмеген болса, Сақтанушының, Сақтандырушының Сақтандыру келісімшартының шарттарын орындауына байланысты Сақтандырушының талабы бойынша Сақтандыру келісімшартын мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде, бұрын төленген сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарналары) қайтарылмайды.

14.5. Егер Сақтандыру келісімшартында басқалай көзделмеген болса, Сақтандыру келісімшартын мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда Сақтандырушы келесілерге құқылы:

- 1) өзінің шығындарының өтелуіне, оған сақтанушыларды тартуға кеткен шығындарды қоса, сақтандыру сыйлықақысы сомасының 25%-ы мөлшерінде;
- 2) сақтандыру қорғанысының қолданыс уақытына тең мөлшердегі сақтандыру сыйлықақысының бөлігіне.

14.6. **Сақтанушы Сақтандыру келісімшартынан бас тартқан кезде, ол бас тарту 14.1-тармақтың 1)-4) тармақшаларында көрсетілген мән-жайларға байланысты болмаса, сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақылары немесе сақтандыру жарналары кері қайтарылмайды.**

14.7. Сақтанушы – жеке тұлға Сақтандыру келісімшартын жасаған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде одан бас тартқан жағдайда Сақтандырушы алған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру қолданыста болған уақытқа тең мөлшерде сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бөлігін және алған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10 (Он) пайызынан аспайтын Сақтандыру келісімшартын бұзуға байланысты шығыстарды шегере отырып, сақтанушыға-жеке тұлғаға қайтаруға міндетті.

14.8. Сақтанушы-жеке тұлға қарыз шартына байланысты оның (қарыз алушының) қарыз шарты бойынша қарыз берушінің алдындағы міндеттемелерін орындауына байланысты Сақтандыру

келісімшартынан бас тартқан жағдайда, Сактандырушы алған сактандыру сыйлықақысын (сактандыру жарналарын), сактандыру қолданыста болған уақытқа тең мөлшерде сактандыру сыйлықақысының (сактандыру жарналарының) бөлігін және алған сактандыру сыйлықақысының (сактандыру жарналарының 10 (он) пайызын құрайтын Сактандыру келісімшартын бұзуға байланысты шығыстарды шегере отырып, Сактанушыға-жеке тұлғаға қайтаруға міндетті.

14.9. Егер Сактандыру келісімшарты Тараптардың келісімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылса, онда сактанушы осы Ереженің 14.5. тармағының талаптарын ескере отырып, келесідей мөлшерлерде сактандыру сыйлықақысының бөлігін қайтарып алуға құқылы:

Сактандыру келісімшарты қүшіне енген сәтten бастап оны мерзімінен бұрын тоқтатқанға дейінгі мерзім	Сактандырушы ұстап қалатын сактандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сактандыру сыйлықақысының %-ымен)
15 күнге дейін	15,0
16 күннен 1 айға дейін	20,0
1 айдан 2 айға дейін	30,0
2 айдан 3 айға дейін	40,0
3 айдан 4 айға дейін	50,0
4 айдан 5 айға дейін	60,0
5 айдан 6 айға дейін	70,0
6 айдан 7 айға дейін	75,0
7 айдан 8 айға дейін	80,0
8 айдан 9 айға дейін	85,0
9 айдан 10 айға дейін	90,0
10 айдан 11 айға дейін	95,0
11 айдан астам уақыт	100,0

14.10. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен және Сактандыру келісімшартымен басқалай қарастырылмаған болса, Сактанушы Сактандыру келісімшартын ықтимал бұзу күнінен 30 (Отыз) күнтізбелік күн бұрын міндетті түрде Сактандырушыға хабарлап, сондай шешімнің себептерін көрсете отырып, кез келген уақытта Сактандыру келісімшартынан бас тартуға құқылы.

14.11. Егер Сактандыру келісімшарты оны жаңа мерзімге қайта жасау арқылы мерзімінен бұрын бұзылып жатса, Сактандырушы өзіне келген шығындарды есепке ала отырып, сактандыру сыйлықақысының мөлшерін қайта есептеуге және бұрынғы Сактандыру келісімшарты бойынша сыйлықақының қалдығын жаңа Сактандыру келісімшарты бойынша сыйлықақысының есебіне жазуға құқылы. Бұл ретте, Сактанушы сактандыру сыйлықақысын бұрынғы Сактандыру келісімшарты бойынша сома қалдығын шегере отырып төлейді.

14.12. Сактандыру келісімшартында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайши келмейтін Сактандыру келісімшартын бұзудың басқа негізdemelerі мен шарттары да қарастырылуы мүмкін.

14.13. Сактандыру келісімшартын мерзімінен бұрын бұзудың барлық жағдайларында Сактанушы қолданысы Сактанушының Сактандыру келісімшартының қолданысын мерзімінен бұрын бұзу туралы жазбаша өтініші келіп түсken және/немесе Сактанушы (Сактандырылуышы) заңнамада және осы Ережеде көзделген өз міндеттерін орындаған кезде Сактандырушы Сактандыру келісімшартының қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған сәтten бастап тоқтатылатын Сактандыру келісімшартын (полисті) Сактандырушыға қайтаруға міндетті.

15. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

15.1. Сақтандыру төлемін уақытылы төлемеген кезде Сақтандырушы Пайда алушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 353-бабымен белгіленген тәртіпте және мөлшерде тұрақсыздық төлемін төлеуге міндettі.

15.2. Егер Сақтандыру келісімшарты бойынша міндettемелерін лайықты орындау еңсерілмейтін күштер салдарынан, атап айтқанда төтенше және алдын алу мүмкін болмаған жағдайларда жүзеге асырылмағаны дәлелдесе, Сақтандыру келісімшарты бойынша міндettемелерін орындаған немесе лайықты түрде орындаған Тарапқа міндettемелерін орындағаны/лайықты орындағаны үшін мүліктік жауапкершілік артылмайды.

15.3. Форс-мажор жағдайларға: су тасқыны, өрт, зілзала және басқа дүлей апаттар, соғыстар немесе кез келген сипаттағы әскери қимылдар, блокадалар, мемлекеттік органдардың тыйымдары жатады, бірақ олармен шектелмейді. Форс-мажор жағдайларының нақты тізімі Сақтандыру келісімшартында қарастырылуы мүмкін.

15.4. Форс-мажор жағдайына душар болған Тарап сондай жағдайдың басталғаны туралы екінші тарапқа 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабарлауға міндettі.

15.5. Форс-мажор жағдайының әрекеті құзырлы органдардың тиісті құжаттарымен расталуы тиіс.

15.6. Осы бөлімде қарастырылған тараптардың жауапкершілігі Сақтандыру келісімшартының шарттарына сәйкес өзгертілуі (толықтырылуы) мүмкін.

16. ДАУЛАРДЫ ШЕШІ ТӘРТІБІ

16.1. Сақтандыру келісімшартынан туындайтын немесе соған байланысты туындайтын кез келген даулар және/немесе келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

16.2. Тараптар келісімге келе алмаған жағдайда даулар және/немесе келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қарастырылған тәртіпте реттеледі.

16.3. Сақтандыру келісімшартында дауларды шешудің Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа тәртібі қарастырылуы мүмкін.

17. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

17.1. Осы Ережеде қарастырылмаған барлық шарттар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

17.2. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе, Тараптардың келісімімен Сақтандыру келісімшартына ерекше шарттар енгізілуі мүмкін (сақтандыру ескертпелері, анықтамалар, ерекше шарттары және т.с.с.).

17.3. Сақтануши өзінің қолтаңбасымен Қазақстан Республикасының №94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес Сақтанушиның, Сақтандырылуышының (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына, өңдеуіне, сақтауына және беруіне өз келісім бергенін, сондай-ақ Сақтандырылуышының (Пайда алушының) келісім бергенін, оның ішінде төмендегілерді растайды:

- 1) Сақтандырушының «Мемлекеттік кредиттік бюро» Акционерлік қоғамынан (бұдан әрі – Бюро) деректерді алуға;
- 2) мемлекеттік деректер қоры иелерінің Бюроға Сақтануши (сақтандырылуши, Пайда алушы) туралы ақпаратты тіkelей немесе үшінші тұлғалар арқылы беруіне;
- 3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету бойынша қызмет атқаратын заңды тұлғаға Сақтануши, Сақтандырылуши (Пайда алушы) туралы өзінде бар және келешекте келіп түсетін ақпаратты Бюроға және Бюро арқылы Сақтандырушыға беруге;
- 4) дербес деректерді шекара асырып беруге және дербес деректерді үшінші тұлғаларға беруге;
- 5) Сақтандырушының қызмет мақсатын жалпы іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 830-бабының 4-тармағына сәйкес Сақтандырушының сақтандыру құпиясын ашуына.

17.4. Сақтандырушы дербес деректерді сактау мерзімін келешекте дербес деректерді сактаудың қажеттілігі қалмағанша белгілейді. Дербес деректер Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның Шарттың және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын орындау мақсатында, сондай-ақ Сақтандырушының жалпы қызмет мақсаттарын іске асыру үшін пайдаланылады.

17.5. Сақтанушы Сақтандырылушиның (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына және өндеуіне Сақтандырылушидан (Пайда алушыдан) жазбаша келісімін, оның ішінде Ереженің 17.3. тармақтың 1)-5) тармақшаларында көрсетілген келісімін талап етуге міндetti.

17.6. Сақтанушы Сақтандырылушиның (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына және өндеуіне Сақтандырылушиның (Пайда алушының) келісімінің, оның ішінде Ереженің 17.3. тармақтың 1)-5) тармақшаларында көрсетілген келісімінің болмағаны үшін жауапты болады

17.7. Қажет жағдайда Сақтанушы ҚР қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдар жөніндегі заңнамасының талаптарын сактау мақсатында Сақтандырушы сұратқан барлық қажет құжаттарды беруге міндettенеді.

17.8. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен басқалай белгіленбеген болса, бұл Ережеге өзгертулер мен толықтырулар жазбаша түрде, өзгертулер мен толықтыруларды міндetti түрде Сақтандырушының Директорлар кеңесінің бекітуімен енгізіледі.

Сілтеме. 2022 жылғы 12 шілдедегі № 138-VII «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын реттеу мен дамыту, банк қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2000 жылғы 18 желтоқсандағы № 126-II «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес (2024 жылдың 1 қантарынан бастап күшіне енеді) Қағидаларына өзгертулер мен толықтырулар енгізілген (1.2, 1.3, 2.1, 2.3, 3.1 тармақтарға, 3.2 тармағының 2) тармақшага, 3.4-3.6 тармақтарға, 4.1 тармағының 10)-14) тармақшаларға, 4.3 тармағының 6)-12) тармақшаларға, 4.5 тармағының 2)-4) тармақшаларға, 4.6 тармағының 8)-10) тармақшаларға, 4.7-4.9, 6.4, 6.5, 7.1 тармақтарға, 7.6 тармағының 4) тармақшага, 7.8-7.11 тармақтарға, 9.1 тармағының 9)-12) тармақшаларға, 9.2 тармағының 6) тармақшага, 9.6, 10.1, 11.1, 11.3, 11.5, 11.11, 13.3 тармақтарға, 14.2 тармағының 4)-6) тармақшаларға, 14.6, 14.10, 17.3-17.8 тармақтарға).